



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

А.Қ.Күрішбаев
Басқарма Төрағасы – Ректор, ҚР ҰҒА академигі

Астана қаласы, 18 мамыр 2023



УНИВЕРСИТЕТТІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

1929 жыл – Алматы зооветеринарлық институты құрылды

1930 жыл – Қазақ ауыл шаруашылығы институты құрылды

1996 жыл – осы екі институттың негізінде Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті құрылды

2001 жыл – ҚР Президентінің Жарлығымен Ұлттық университет мәртебесі берілді

2010 жыл – инновациялық бағдарланған ЖОО мәртебесі берілді

2020 жыл - ҚР Үкіметінің қаулысымен Ұлттық Зерттеу Университеті мәртебесі берілді

Ғылыми зерттеу институттарымен интеграциясы



Әлемдік және ұлттық рейтингтерде





ҚазҰАЗУ-нің халықаралық ынтымақтастығы, перспективалық әріптестік байланыстары



«Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты» ҒЗУ



Ташкент мемлекеттік аграрлық университеті



Самарқанд ветеринарлық медицина мал шаруашылығы және биотехнология институты



Ферғана политехникалық университеті



Термез мемлекеттік университеті



Бердах атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті



Қарақалпақ ауыл шаруашылығы және Агротехнология институты



Термез Агротехнология және инновациялық даму институты




Ажинияз атындағы Нукус мемлекеттік педагогикалық институты

Білім беру және ғылыми қызмет



Ғылыми орталықтар және лабораториялар
Тестілеу, анализ және сертификация

ҒЗИ
Ғылыми жобаларды орындау және нәтижелерді енгізу



Агротехнологиялық Хабтың Құрамы:
11 ҒЗИ;
8 инновациялық орталық;
31 зерттеу зертханасы
11 халықаралық зерттеу орталықтары

ҚазҰАЗУ – Агроөнеркәсіп кешенің дамытудың барлық бағыттарын: Агрономия, Мал шаруашылығы, Орман шаруашылығы, Балық шаруашылығы, Су ресурстары және су пайдалану, Агроинженерия, Ветеринария, Инженерлік және өңдеу салалары, акт, Бизнес, басқару және құқық бойынша дайындық жүргізілетін Қазақстандағы жалғыз жоғары оқу орны.

ҚазҰАЗУ – жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» және «Ветеринария» білім беру салалары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігі- Жобаларды басқару топтары

Мамандарды даярлау **26** кафедра мен **6** факультетте жүзеге асырылады.
2021-2023 жылдарға арналған ғылыми жобаларды қаржыландыру сомасы-**6,0** млн.

Докторлық диссертацияларды қорғау бойынша **9** диссертациялық кеңес жұмыс істейді.

Халықаралық аккредитация

98%

Беделді халықаралық аккредиттеу агенттіктері халықаралық сапа стандарттары бойынша аккредиттелген (AQUIN, ASIIN, IAAR, KAZSEE, IQAA)

Екі дипломдық білім беру бағдарламалары

11

Шетелдік жетекші жоғары оқу орындарымен қос диплом бағдарламалары

Ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары


30%

Ағылшын тілінде білім алушылар

«ҚазҰАЗУ» КЕАҚ базасында Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің ОӘБ-ЖБТ

«СУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ СУ ПАЙДАЛАНУ» даярлау бағыты


"Су ресурстарын басқару»
білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлау
Қазақстанның 6 университетінде жүзеге асырылады:



«Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау»
білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлау
Қазақстанның 3 университетінде жүзеге асырылады:

 Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

 Қ.И. Сәтбаев атындағы ұлттық ғылыми-зерттеу университеті

 М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

 Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті

 М. Әуезов атындағы Оңтүстік-Қазақстан университеті

 Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті

 Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

 М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

 Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті




Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің базасында «Су ресурстары және суды пайдалану» даярлау бағыты бойынша бакалавриат, магистратура және докторантура білім беру бағдарламалары үш деңгейде жүзеге асырылуда.



«ҚазҰАЗУ» КЕАҚ базасында Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің Оқу-әдістемелік бірлестігі-Жобаларды басқару топтары

Су саласы кадрларын даярлауды күшейту мақсатында «Су ресурстары және суды пайдалану» бағыты бойынша Республикалық Оқу Әдістемелік Кеңесі Оқу-Әдістемелік Бірлестігінің отырысы **2023 жылдың 27 қаңтарда** өткізілді. Бұл кездесуде су мамандарын даярлайтын алты оқу орындарының өкілдері (онлайн форматта **128**, офлайн форматта **38**) қатысып, ЖОО пәндері сәйкестендіріліп, білім беру бағдарламалары оңтайландырылды.

2023 жылдың 1 наурызда «Ауылшаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» мамандықтарының кадрларын даярлау бағыттары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігі-Жобаларды басқару тобының кезекті мәжілісі офлайн/онлайн форматында өтті, Мәжіліске офлайн форматта **79**, онлайн форматта **110** ОӘБ-ЖБТ мүшелері қатысты. Нәтижесінде ортақ шешім қабылдады:



«Ауылшаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларын даярлау бағыттары бойынша жаңартылған кәсіптік стандарттары негізінде білім беретін ЖОО арасында білім беру бағдарламалары сәйкестендірілсін

«Ауылшаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларын даярлау бағыттары бойынша білім алушылардың ЖОО арасындағы ішкі Академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру жұмыстары оңтайландырылып, жетілдірілсін.

«Ауылшаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларын даярлайтын 24 ЖОО арасында білім алушылардың ауысуы кезінде пән айырмашылықтарының болмауына қол жеткізілсін

Қазақстан Республикасы ЖОО арасындағы Республикалық пәндік олимпиадаға енгізілген пәндер осы қабылданған білім беру бағдарламаларына енгізілген ЖОО компонентіндегі базалық және кәсіптік пәндерден құрастырылып, өткізілсін

Магистратураға түсу үшін тапсырылатын емтихан пәндері осы білім бағдарламаларында айқындалған базалық пәндер мен кәсіптік пәндерден жасақталсын

Сәйкестендірілген білім беру бағдарламалары бойынша 24 ЖОО 2023-2024 оқу жылында 1 академиялық кезеңнен кем емес мерзімге келісімшарт бойынша профессорлық-оқытушылар құрамына дәріс оқуға құқық беру ұйымдастырылып, жүргізілсін



"Су ресурстары және суды пайдалану" бағыты

Білім алушылар контингенті – 201 адам

- 141 студент
- 34 магистрант
- 26 PhD

Штат – 30 ПОҚ

- 2 ҚР ҰҒА академигі
- 4 ғылым докторы
- 9 ғылым кандидаты
- 8 PhD
- 7 магистр

Кафедраның ғылыми деңгейі – 76,6%



VILNIAUS UNIVERSITETAS
VYTAUTAS MAGNUS
UNIVERSITY
LITHUANIA



БРЕСТСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ТЕХНИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ

Бірлескен білім беру бағдарламалары шетелдік жоғары оқу орындарымен:

- **Варшава** жаратылыстану ғылымдары университеті (Польша)
- «**Ташкент** ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты» ҒЗУ (Өзбекстан)
- **Брест** мемлекеттік техникалық университеті (Беларусь)
- **Витаутас Магнус** университеті - Ауыл шаруашылығы академиялары (Литва).

Бакалавриат БББ (3):

- **6B08601** - «Су ресурстарын басқару»
- **6B08602** - «Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау»
- **6B08603** Гидротехникалық құрылымдарды жобалау



Магистратура БББ (6):

- **7M08601** «IT-технологияларын пайдалана отырып су ресурстарын басқару»
- **7M08603** «IT-технологияларын пайдалана отырып су ресурстарын басқару» (бейіндік)
- **7M08602** «Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау»
- **7M08605** «Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау» (бейіндік)
- **7M08607** «Гидротехникалық құрылымдарды жобалау»
- **7M08608** «Гидротехникалық құрылымдарды жобалау» (бейіндік)

Докторантура БББ (3):

- **8D08603** «IT-технологияларын пайдалана отырып су ресурстарын басқару»
- **8D08602** «Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау»
- **8D08604** «Су қауіпсіздігі»



Магистратураның екі дипломдық білім беру бағдарламасы

Варшава жаратылыстану ғылымдары университеті (SGGW) - POKAZ (POLish-KAZakh)

IT технологияларын қолдана отырып суды басқару & су ресурстарын басқарудағы заманауи инженерия.


Гидротехниктердің біліктілігін арттыру институты

Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан және т. б. Су шаруашылығы мамандары білім алуда. ҚР АШМ бірлесіп шаруа және фермер қожалықтарының басшылары мен мамандары үшін біліктілікті арттыру курстары өткізілді.





2021 – 2023 ж.ж. Су шаруашылығы бойынша ғылыми жобалары



№ п/п	ПҚБ атаулары	Жоба атаулары	Жетекші/ орындаушы	Қаржыландыру көлемі, мың теңге
1	Суаруға жаңа жерлерді енгізу, қолданыстағы суару жүйелерін қайта құру және жаңғырту барысындағы суару технологиялары және техникалық құралдары	Қазақстан Республикасының суармалы агроландрафтарының топырақ әлеуетін басқару бойынша энергия тиімді мелиорациялық технологияларды әзірлеу және оңтайландыру	ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., Рау А.Г.	120 000,0
2	Суаруға жаңа жерлерді енгізу, қолданыстағы суару жүйелерін қайта құру және жаңғырту барысындағы суару технологиялары және техникалық құралдары	Өзендер бассейндерінде су ресурстарын қалыптастыруды ескере отырып, гидрологиялық ақпарат негізінде суару жүйелерінде су бөлуді теңгерімді басқару қағидаттары мен әдістерін әзірлеу	т.ғ.д., профессор Калыбекова Е.М.	120 000,0
3	Қазақстанның оңтүстігіндегі топырақтың тұздылығын және ауыл шаруашылығы алқаптарының тозуын сандық бағалау үшін ғарыштық мониторинг және ГАЗ	Судың, топырақ үлгілерінің және түбіндегі шөгінділердің сапасын талдау критерийлерін зерттеу	«Су және топырақ сапасын талдау» зертханасының меңгерушісі, Кустабаева А.А.	30 000,0

Ғылыми жобаның нәтижелері ҚазҰАЗУ «Саймасай» оқу-өндірістік кешенінде өндіріске енгізілді.



СУ ХАБЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

ГИДРАВЛИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ МОДЕЛЬДЕУГЕ АРНАЛҒАН ЛАБОРАТОРИЯ



Зертханада ашық су ағындары мен су құбырларындағы гидравликалық процестерге зерттеулер жүргізіледі.

ГЕОТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЛАБОРАТОРИЯСЫ



Зертхана су ағынының жылдамдығын анықтау бойынша зерттеулер жүргізеді, гидротехникалық құрылыстардың гидравликалық параметрлерін белгілейді.

СУ РЕСУРСТАРЫН ИНТЕГРАЛДЫ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ЛАБОРАТОРИЯ



Зертхана судың ылғал айналымына зерттеулер жүргізеді, су қоймаларының жұмыс режимін имитациялайды.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖАЙЫЛЫМДЫ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЛАБОРАТОРИЯСЫ



Зертханада су ағынының кинетикалық энергиясын пайдаланатын заманауи жұмыс істейтін сорғы қондырғылары жасалған.

АЭРОБТЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ ЗЕРТТЕУ ЛАБОРАТОРИЯСЫ



Зертханада қазіргі заманғы зертханалық қондырғылар бар: «Аэротенк», «Аэробты процестердің кинетикасын зерттеуге арналған қондырғы»

ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІН ПАЙДАЛАНУ ЛАБОРАТОРИЯСЫ



Зертханада шаруашылықтарда қолданылатын биогаз қондырғылары бойынша, гибридіт жел-күн қондырғыларынан энергия алу бойынша зерттеулер жүргізіледі



СУ ХАБЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

ЖЕРДІ МЕЛИОРАЦИЯЛАУ, БАПТАУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ ЛАБОРАТОРИЯСЫ



Зертханада ауылшаруашылық мелиоративтік құрал-жабдықтар мен аспаптар, «Су үнемдеу технологиялары бойынша зерттеулер жүргізілуде.

ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЛАБОРАТОРИЯСЫ



Зертханада әртүрлі топырақ түрлерінен тұратын топырақ бөгетінің денесі арқылы судың сүзілуін анықтау бойынша зерттеулер жүргізіледі.

СУ САПАСЫН БАҚЫЛАУ ЗЕРТХАНАСЫ

Зертханада су мен топырақтағы мұнай өнімдерін анықтауға арналған талдауларды қоса алғанда, су мен топырақ сапасына физика, химия, биологиялық және агрохимиялық талдау жүргізіледі



БИОМАССАДАН ЭНЕРГИЯ АЛУҒА АРНАЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫ

Биогаз қондырғысында шалғайдағы жайылымдардағы әртүрлі органикалық қалдықтардан алынатын энергияның балама көзі ретінде пайдаланылатын биогаздың мөлшері мен сапасын бағалау бойынша зерттеулер жүргізіледі



Бәсекеге қабілетті маман даярлау мақсатында оқу процессіне дуалды білім беру жүйесі енгізілді. Қазақстан су шаруашылық мекемелерінде: «Қазселденқорғау», «Д.Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналы», «Аймақтық гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедиция» базаларында білім алушыларға тәжірибелік сабақтар сабақ кестесі негізінде 4 курс студенттеріне жүргізілді.



БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Су хабы жанында гидротехниктердің біліктілігін арттыру институты жұмыс істейді, оның міндеті тренингтер, семинарлар, дөңгелек үстелдер, сондай-ақ су шаруашылығы саласының барлық деңгейлерінің: кіші жұмысшы персоналынан және орта буыннан бастап, басшыларға дейінгі біліктілікті арттыру курстарын өткізу болып табылады. Мұнда Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Украина Су шаруашылығы мамандары білім алуда. Сабақтарды тек ҚазҰАЗУ профессорлары ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның су шаруашылығы саласының жетекші ғалымдары - су саласының экономистері мен заңгерлері де жүргізеді.



"Су хабы" Халықаралық зерттеу орталығы "Су ресурстарын басқару, суармалы жерлерді мелиорациялау Қазақстандағы гидротехникалық құрылыстар жұмысының сенімділігі" бағдарламасы бойынша су шаруашылығы саласының мамандары үшін біліктілікті арттыру курстарын өткізді (барлығы 75 адам курстан өтті). Қаржыландыру көлемі 2 968 000 теңгені құрады.

Біліктілікті арттыру курстарынан Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің профессор-оқытушылар құрамы өтті.



Халықаралық жазғы және қысқы мектеп "Табиғи ресурстарды бағалау және басқару мәселелері"



Мектептің мақсаты - су ресурстарын пайдалану мен басқарудың тиімділігін арттыру, оларды сақтау және молықтыру арқылы Қазақстан Республикасының су және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету.



WATER HUB
Department Water
resources and
melioration


"Табиғи ресурстарды бағалау және басқару мәселелері" мектебінің жұмысы табиғи ресурстарды, атап айтқанда жер, су ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану проблемаларын шешуге бағытталған. Климаттың өзгеруі жағдайында суды үнемдейтін технологияларды, жаңартылатын энергия көздерін қолдануды күшейту, қалпына келтірілген жерлердің су балансын, жердің деградациясын және т.б. есепке алу қажет екені белгілі.



Жазғы мектеп шеңберінде 72 сағат көлемінде оқытушылардың біліктілігін арттыру курстары, халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағында қатысушылардың мақалаларын жариялау, «стартап жобалар» конкурсы көзделген.



«ҚАЗҰАЗУ» КЕАҚ-НЫҢ «ТИАШМИИ» ҒЗУ-МЕН КӨПЖЫЛДЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ





«ТИАШМИИ» ҒЗИ филиалын ашу бойынша жүргізілген жұмыстар туралы

2023 жылдың 2 наурызында Шымкент қаласында ҚР Президенті мен Өзбекстан Республикасың Президенттер кездесуінен туындаған тапсырмаларына сәйкес су саласына қажетті білікті мамандарды даярлауға қатысты «Ташкент ирригация инженерлері және ауылшаруашылығын механикаландыру институты» Ұлттық Зерттеу Университетінің филиалын ашу мақсатында «Жол Картасы» әзірленіп бекітілді.

- 2023 жылдың 23-25 сәуір аралығында ҚазҰАЗУ делегациясы Ташкент қаласында болып, «ТИАШМИИ» ҰЗУ Ректорымен бірге ЖОО аралық ынтымақтастықты одан ары дамыту мәселелерін талқылады.
- Екіжақты келісім нәтижесінде, қос университет арасындағы ынтымақтастықты нығайту Меморандумы 2028 жылға дейін ұзартылды.
- Ең басты жаңалық – ҚазҰАЗУ базасында «ТИАШМИИ» ҰЗУ филиалын ашу бойынша Жол картасы талқыланып, рәсімделді.
- Қос тарап жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды (бакалавриат, магистратура және докторантура) даярлау үшін жаңа инновациялық білім беру бағдарламаларын бірлесіп әзірлеуді қолдады.



2023 жылдың 4-5 мамыр айында Ташкент қаласында Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы екіжақты ынтымақтастық жөнінде бірлескен үкіметаралық комиссия отырысы өтті.

Алдағы атқарылар жұмыстардың бағыты айқындалды:

- студенттер мен оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын жоғарлату, әрі қосдипломдық бағдарламаны іске асыру;
- екі ЖООның профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру;
- магистранттар мен докторанттардың ғылыми тағылымдамасын жүзеге асыру;
- оқу процесін жетілдіру үшін бірлесіп заманауи оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету;
- ПЦФ аясында су ресурстары, су пайдалану, мелиорация және жерді рекультивациялау саласындағы бірлескен ғылыми жобаларды әзірлеу жұмыстарын жүргізу; «ТИАШМИИ» ҰЗУ Филиалы басқармасының ұйымдық құрылымын және ҚазҰАЗУ базасында штат кестесін қалыптастыру;
- «ТИАШМИИ» ҰЗУ Филиалы үшін ғимарат пен инфрақұрылымды дайындау.

